

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 26/3 "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2022 жылғы 2 ақпандағы № 17/5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 ақпанда № 26765 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" 2018 жылғы 26 наурыздағы № 26/3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4645 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) (бұдан әрі-Салық кодексі) Кодексінің 510-бабы 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШТІ:";

1-тармақ алып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының хатшысы*

Р. Нурмуканова